

"Сот сараптамасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 1011 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Сот сараптамасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министр

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Сот сараптамасы туралы"

Қазақстан Республикасының Заңына

өзгерістер енгізу туралы

"Сот сараптамасы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 12 қарашадағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 21, 276-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 21-22, 281-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. 1-баптың алтыншы абзацындағы "мемлекеттік органдар" деген сөздер " мемлекеттік мекемелер" деген сөздермен ауыстырылсын;

2. 4-баптың 3) тармақшасындағы "мемлекеттік органдарының" деген сөздер " мемлекеттік мекемелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

3. 10-баптың 2 тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
"және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің комиссиясы аттестациядан өтуі" деген сөздер алынып тасталсын.

4. 15-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сараптаманың белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот сарапшысының біліктілік куәлігін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің немесе Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органының біліктілік комиссиясы б е р е д і .

Біліктілік комиссиясының қызмет тәртібі мен құрамын тиісінше Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі немесе Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды."

5. 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Сот сарапшысын аттестаттау.

Кәсіби даярлығының деңгейін анықтау мақсатында сот сарапшылары Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің немесе Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органының біліктілік комиссиясында әрбір бес жыл сайын аттестаттауға жатады."

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК